Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасы

# 7-ТАҚЫРЫП: ЖОҒАРЫ МЕКТЕПТЕГІ БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

**ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ КАНДИДАТЫ, ДОЦЕНТ**
**ДҮЙСЕНБАЕВ АБАЙ ҚАБАҚБАЙҰЛЫ**

# Дәріс жоспары

1. Дидактика туралы жалпы түсінік
2. Жоғары мектеп дидактикасы
3. Оқытудың психологиялық негіздері

# Негізгі ұғымдар және пәнаралық байланыс

## НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР

оқыту | білім беру | әдіс | дағды | іскерлік | әдістеме | іс-әрекет

## БАСҚА ПӘНДЕРМЕН БАЙЛАНЫСЫ

**Психология**

**Әлеуметтану**

**Философия**

# Әдебиеттер

## Негізгі әдебиеттер


- Байжанова З.Т. Жалпы педагогика. – Алматы: Таймас, 2008. – 168 б.
- Педагогика / ред. А.Құдиярова. – Алматы: Дарын, 2004. – 448 б.
- Әбенбаев С., Әбиев Ж. Педагогика. – Астана: Фолиант, 2009. – 336 б.
- Бабаев С.Б., Оңалбек Ж.К. Жалпы педагогика. – Алматы: Нұр-пресс, 2005. – 228 б.


## Қосымша әдебиеттер


- Қоянбаев Ж., Қоянбаев Р. Педагогика. – Алматы, 2002. – 384 б.
- Педагогика / под ред. А.П.Тряпицыной. – СПб: Питер, 2014. – 304 с.
- Педагогика / под ред. П.И.Пидкасистого. – М., 2004. – 608 с.
- Педагогика: теории, системы, технологии / под ред. С.А.Смирнова. – М.: Академия, 2007. – 515 с.

# «Дидактика» ұғымы

***didaktikos***
(грек.) – үйретуші

***didaskalos***
(грек.) – мұғалім

*Р. Қоянбаевтың «Педагогика» оқу құралы бойынша*

**Ғылымға енгізген:** неміс педагогы Вольфганг Ратке (1571–1635), «Ратхияның оқыту өнері немесе дидактика туралы қысқаша есеп»

**Дидактика –** білім беру мен оқытудың теориялық және әдістемелік негіздерін зерттейтін педагогика ғылымының саласы

1. ДИДАКТИКА ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

# Оқыту ұғымы

*«Оқыту дегеніміз – үйрету, дағдыландыру, әрекеттендіру»*
**— Әл-Фараби**

**Оқыту –** мұғалім мен оқушылардың мақсатқа бағытталған, реттелген, бірлескен іс-әрекеті

НӘТИЖЕСІНДЕ ТҰЛҒА

**дамиды**

**білім алады**

**іскерлігі қалыптасады**

**Мәселе:** оқыту = «оқыту + білім алу», бірақ іс жүзінде оқыту басым, оқушының іс-әрекетіне назар аз

# Дидактиканың қалыптасу тарихы

## ОҚЫТУ ТЕОРИЯСЫНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫЛАР

- Я.А. Коменский
- Ж.Ж. Руссо
- И.Г. Песталоцци
- К.Д. Ушинский
- Ы. Алтынсарин

**Ян Амос Коменский (1592–1670)** – дидактиканың негізін салушы, чех педагогы

## КОМЕНСКИЙ ҰСЫНҒАН ПРИНЦИПТЕР

- **саналылық және белсенділік**
- **көрнекілік**
- **жүйелілік және сабақтастық**
- **жаттығу**
- **түсініктілік**

> *«Мұғалім – сабақты жаратушы, оның жүрегі»*
> **— Я.А. Коменский**

# Сынып-сабақ жүйесі

1. оқушыларды сыныптарға бөлу
2. әр сыныпқа бір бөлме
3. күніне 4 сабақ
4. қоңыраудың соғылуы
5. сабақ 40 минуттан аспайды
6. сабақ күзде басталады

## САБАҚТЫҢ 3 БӨЛІГІ

**Басы:** ескіні еске түсіру, үй жұмысы, жаңа тақырып → **Жалғасы:** түсіндіру, жаттығулар → **Соңы:** қайталау (апта, тоқсан соңында)

*Бұл қазіргі аралас сабаққа ұқсайды*

1. ДИДАКТИКА ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

# «Ұлы дидактика» (Didactica Magna)

**1632**
чех тілінде аяқталды

→

**1657**
латынша басылды

**Мақсаты:** барлығына білім берудің біртұтас теориясы, схоластикалық жүйені жою; сынып-сабақ жүйесін негіздеу

## БАСТЫ ҚАҒИДАЛАРЫ

### Табиғатқа сәйкестілік

оқыту табиғи даму заңдылықтарына сай

### Көрнекілік

«алтын ереже»: көру, есту, ұстап көру

### Ана тілінде оқыту

бастауыш кезеңде міндетті түрде ана тілінде

### Дәйектілік пен саналылық

қарапайымнан күрделіге біртіндеп

# Коменский: жастық кезеңдерге бөлінген мектеп жүйесі



# «Қарттар мектебі» (Schola senii)

*«Пампедия» еңбегіндегі өмір бойы білім алу тұжырымдамасының соңғы кезеңі*

| Даналық шыңы | Өмірді қорытындылау | Өз ережелері | Өлімге дайындық |
|---|---|---|---|
| өмір жемісін көру, білім мен тәжірибені қорыту, рухани кемелдік | саналы өмір, байсалдылық, ақыл-ой сергектігі | тәлімгерлері, ережелері, тапсырмалары мен тәртібі | дүниеден өтуді де саналы түрде үйрену |

**Қазіргі мәні:** геронтологиядағы егде адамдарды әлеуметтендіру және «үшінші жастағы университеттердің» тарихи негізі

# Жоғары мектеп дидактикасы

**жоғары кәсіби білім беру жағдайындағы оқытудың заңдылықтарын, принциптерін, мазмұнын, әдістері мен формаларын зерттейтін арнайы сала**

## Мақсаты

- студенттердің шығармашылық, кәсіби, интеллектуалдық әлеуетін дамыту
- сапалы даярлаудың теориялық негіздерін жасау

## Мектеп дидактикасынан айырмашылығы

оқыту ғылыммен және болашақ кәсіби іс-әрекетпен тікелей ұштасады

*«Оқытудағы мақсат жалғыз құрғақ білім үйрету емес, біліммен бірге жақсы тәрбиені қоса беру керек»*

**— М. Дулатов**

# Жоғары мектептегі оқытудың принциптері

| Ғылымилық және кәсіби бағыттылық | Теория мен практиканың бірлігі | Жүйелілік пен сабақтастық | Саналылық пен белсенділік | Көрнекілік пен қолжетімділік |
|---|---|---|---|---|
| мазмұн ғылым деңгейіне сай, мамандыққа қызмет етеді | білімді өндірістік практикада, зертханада қолдану | материалдың логикалық байланысы, пәнаралық байланыс | студент – оқу процесінің белсенді субъектісі | күрделі ұғымдарды ЖИ және мультимедиа арқылы жеткізу |

# Оқытудың психологиялық негіздері

**Білім –** адамзат тәжірибесін, табиғат пен қоғам заңдарын тану нәтижесі

## БІЛІМДІ ТЕРЕҢ ҰҒЫНУ ҮШІН ОЙЛАУ ОПЕРАЦИЯЛАРЫ

**талдау** → **синтездеу** → **салыстыру** → **жіктеу** → **жинақтау**

**Дамыта оқытудың ережесі:** танымдық іс-әрекетті дамыту, өз бетімен ізденуге, зерттеуге, жаңа білімді еркін игеруге үйрету

*«Білім мен өнерді меңгергеннен кейін адамда іскерлік пен өз бетінше әрекеттену, одан соң парасаттылық пайда болады»*
**— Әл-Фараби**

# Білім сапасы және ақыл-ой қасиеттері

**БІЛІМ БОЛУЫ КЕРЕК**

**толық** | **жинақы** | **жүйелі** | **берік** | **пәрменді**

↓

**ҚАЛЫПТАСТЫРАТЫН АҚЫЛ-ОЙ САПАЛАРЫ**

белсенділік | өзіндік | өнімділік | сыншылдық | ұғымталдық | тұрақтылық | тереңдік

*Оқыту тек білім бермейді: тұлғаның бағыттарын, жақсы мен жаманға көзқарасын қалыптастырады*

**Назар салып тыңдағандарыңызға рахмет!**